

Жер учаскесіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Жітіқара ауданы Пригородный ауылы әкімінің 2019 жылғы 12 сәуірдегі № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 18 сәуірде № 8360 болып тіркелді

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес Жітіқара ауданы Пригородный ауылының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Талшықты-оптикалық байланыс желісін жүргізу мен пайдалану мақсатында " SilkNetCom" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Жітіқара ауданы Пригородный ауылының аумағында орналасқан алаңы 1,71 гектар жер учаскесіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Жітіқара ауданының Пригородный ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Жітіқара ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Пригородный ауылының әкімі

Ж. Идильбаев